




Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: Емле және сөз сазы



14-дәріс тақырыбы: Сөз сазы нормаларының қолданылу жайы

Қарастырылатын мәселелер:

1. Әдеби тіл және орфоэпия
 2. Орфоэпиялық норма
- 

ӘДЕБИ ТІЛ



Әдеби тіл – жалпы халықтық тілдің белгілі бір жүйеге түскен, ауызша және жазбаша әдебиеттің негізінде қалыптасқан, стильдік жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті тіл.



Қолданылу аясы:

Әдеби тіл

ғылым салалары мен зерттеу жұмыстарында

көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде

білім жүйесі мен іс-қағаздарда

радио мен теледидарда



Әдеби тіл жөніндегі пікірлер:

«Халық тілінің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл. Әдеби тіл көбінесе халық тілі негізінде жасалатындықтан, оны сөйлеу тілінен мүлде оқшау тұрған өзгеше тіл деп тану дұрыс емес. Сонда да оның елеулі ерекшеліктері болады. Әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл»

М.Балақаев



«Әдетте, көпшілігіміз әдеби тіл деген ұғымды осы күнгі кемелденген, стильдік дифференциациясы ажыраған, мәдени өмірдің алуан түрлеріне қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіліне теліміз де, басқа жайларды көп ескермейміз - дей келіп, - бұл мәселені объективті түрде шешу үшін әр халықтың ауыз әдебиетінің сол қоғам өмірінде атқаратын әлеуметтік, мәдени рөліне жеке-жеке қарау керек.


Р. Сыздық



Әдеби тіл нормалары:


лексикалық, пунктуациялық

грамматикалық



орфографиялық, орфоэпиялық

стилистикалық, сөз тудырушы, коммуникативтік



Р.Сыздық әдеби
тілдің даму сатыларын саралай келе, оны басты-басты
екі дәуірге бөлді

1

Қазақ халқының ұлттық кезеңге дейінгі әдеби тілі;

2

**Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан
кезеңіндегі әдеби тілі**



**Р.Сыздыңтың пікірінше,
«лексикалық құрамның толығыуына
себепкер болатын факторлар да
эр алуан:**

1) тілдің өзіне тән ішкі даму
заңдары: сөз мағынасының
кеңеюі, эр затты, эр
құбылысты, эр ұғымды
даралап, жеке-жеке атау
қажетті

2) экстралингвистикалық факторлар:
термин жасау процесі,
аударма әдебиеттің дамуы, бұқаралық
ақпарат құралдарының жаңа
түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі
саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-
техникалық революция



ОРФОЭПИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілдегі сөздердің, сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелері орфоэпия (грек. 'orthos' – дұрыс, epos – сөз, сөйлеу) деп аталады.

«Сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады. Сөйлеу тілінің бұл қасиеті ауыздан шыққан сөздің дәл, анық айтылуын керек етеді. Анық айтылмаған сөз көмескі естіліп, көздеген жеріне жетпей жатады. Баяу дауыспен жайбарақат сөйлеп отырған кісінің әрбір сөзі үйреншікті дәстүр бойынша айтылуға тиіс. Сөздердің сондай жалпыға бірдей, қалыпты айтылу нормасын орфоэпия дейміз. Мұндай норма әдеби тілде сөйлейтін кісілердің сөзінде болады. Әдеби тілде сөйлемейтін қарапайым кісілердің сөздерді айтуда өзіндік өзгешіліктері бола береді»

© **М.Балақаев, М.Серғалиев**



ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМА

Орфоэпиялық нормалар сөздің сөйлеу барысындағы дұрыс айтылуын қадағалайды.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рәбиға Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000, - 532 б.
 2. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / Құрастырған: С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. - Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2016. – 150 б.
 3. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия – Алматы 2018, – 250 б
- 